

## Зоологиялық коллекциялар жинау және оларды мемлекеттік есепке алу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 29 желтоқсандағы N 1413 Қаулысы. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 4 қыркүйектегі № 745 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 04.09.2015 № 745 қаулысымен ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі).

### *Р Қ А О - н ы ң е с к е р т п е с і .*

ҚР мемлекеттік басқару деңгейлері арасындағы өкілеттіктердің аражігін ажырату мәселелері бойынша 2014 жылғы 29 қыркүйектегі № 239-V ҚРЗ Заңына сәйкес ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің 2015 жылғы 20 ақпандағы № 18-03/118 бұйрығын қараңыз.

"Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңының 8-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қоса беріліп отырған Зоологиялық коллекциялар жинау және оларды мемлекеттік есепке алу ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді және жариялануға тиіс.

*Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Премьер-Министрінің*

*міндетін атқарушы*

Қ а з а қ с т а н                      Р е с п у б л и к а с ы  
Ү к і м е т і н і ң  
2004                      жылғы                      29                      желтоқсандағы  
N                      1 4 1 3                      қ а у л ы с ы м е н  
бекітілген

**Зоологиялық коллекциялар жинау  
және оларды мемлекеттік есепке алу  
ережесі**

## 1. Жалпы ережелер

1. Осы Зоологиялық коллекциялар жинау және оларды мемлекеттік есепке алу ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану туралы" Қазақстан Республикасының 2004 жылғы 9 шілдедегі Заңына сәйкес әзірленді және зоологиялық коллекциялар жинау мен мемлекеттік есепке алу тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.12.07 № 1562 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

2. Зоологиялық коллекцияларға жануарлар дүниесі объектілері тұлыптарының, жұмыртқаларының, криоконсервіленген жыныс клеткаларының, препараттары мен бөліктерінің, оның ішінде хайуанаттар парктері, зообақтар, цирктер, зоологиялық питомниктер, аквариумдер, океанариумдер жабайы жануарларының ғылыми, мәдени-ағартушылық, оқу-тәрбиелік және эстетикалық құндылығы бар жинағы жатады.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР 2012.12.07 № 1562 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

3. Алынып тасталды - ҚР 2012.12.07 № 1562 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## 2. Зоологиялық коллекциялар жинау тәртібі

4. Зоологиялық коллекциялар жинау жануарлар дүниесі объектілерін аулау, оларды жинау, сатып алу, айырбастау, сыйға тарту, Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынбаған басқа да тәсілдермен алу арқылы жүргізіледі. Зоологиялық коллекциялар жинау үшін арнайы рұқсат алу талап етілмейді.

5. Қазақстан Республикасының жеке және заңды тұлғаларының зоологиялық коллекциялар жинау мен оларды толықтыруы үшін Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілген жануарлар дүниесінің объектілерін аулауға және жинауға Қазақстан Республикасы Үкіметінің шешімі бойынша ерекше жағдайларда жол беріледі.

6. Қазақстан Республикасының аумағында (акваторийінде), континенттік шельфінде және ерекше экономикалық аймағында жануарлар дүниесі объектілерін аулау Қазақстан Республикасының заңнамасымен белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

7. Қазақстан Республикасының Қызыл кітабына енгізілгендерден басқа, жануарлар дүниесі объектілерін Қазақстан Республикасы жеке және заңды

тұлғаларының зоологиялық коллекциялар жинау мен оларды толықтыру үшін аулауы балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қоспағанда, жануарлар дүниесін қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган немесе балық ресурстары мен басқа да су жануарларын қорғау, өсімін молайту және пайдалану саласындағы уәкілетті орган (бұдан әрі - тиісті уәкілетті органдар) берген рұқсаттың негізінде жүзеге асырылады.

### **3. Зоологиялық коллекцияларды мемлекеттік есепке алуды ұйымдастыру тәртібі**

8. Зоологиялық коллекцияларды мемлекеттік есепке алу оларды тиісті уәкілетті органның зоологиялық коллекциялардың тізіліміне енгізуі жолымен жүзеге асырылады (1-қосымша).

9. Зоологиялық коллекцияның иесі оны мемлекеттік есепке қою мақсатында қызметтерді жүзеге асыру басталғанға дейін кемінде он жұмыс күні ішінде «Әкімшілік рәсімдер туралы» 2000 жылғы 27 қарашадағы Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес тиісті уәкілетті органды хабардар етеді.

**Ескерту. 9-тармақ жаңа редакцияда - ҚР 2012.12.07 № 1562 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қ а у л ы с ы м е н .**

10. Тиісті уәкілетті орган зоологиялық коллекция иесінің хабарламасына сәйкес оны тізілімге енгізеді.

**Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда - ҚР 2012.12.07 № 1562 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қ а у л ы с ы м е н .**

11. Тиісті уәкілетті орган зоологиялық коллекция иесінің оның жай-күйі және коллекциялық экспонаттардың айналымы туралы есепті жылдан кейінгі 20 наурыздан кешіктірмей беретін жыл сайынғы есебінің негізінде тізілімге енгізілген зоологиялық коллекциялар экспонаттары айналымының есебін жүргізеді.

12. Тізілімге енгізілген зоологиялық коллекциялардың иелері зоологиялық коллекцияларды жұртшылық алдында көрсете, зоологиялық коллекцияны толықтыра, зоологиялық коллекциялардың экспонаттарын әкете және әкеле алады, бұл ретте жануарларға көзқарастың мейірімділік және этикалық нормаларын сақтауы, ерекше ғылыми, мәдени және эстетикалық құндылығы бар зоологиялық экспонаттардың сақталуын қамтамасыз етуі қажет.

13. Зоологиялық коллекцияларды Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге әкету Кедендік одақтың нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда - ҚР 2012.12.07 № 1562 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

14. Құрып кету қаупі төнген жабайы фауна мен флора түрлерінің халықаралық саудасы туралы конвенцияның қосымшаларына енгізілген жануарлар түрлерінің зоологиялық коллекциялары мен олардың жекелеген экспонаттарын Қазақстан Республикасынан тысқары әкету және оның аумағына әкелу үшін осы Конвенция бойынша міндеттемелерді орындайтын әкімшілік органның рұқсаты негіздеме болып табылады.

15. Мәдени-тарихи құндылықтарға жатқызылған коллекциялардың экспонаттары болып табылатын жануарлар дүниесінің объектілерін әкелу және әкету тәртібі Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі.

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2004 жылғы 29 желтоқсандағы

№ 1413 қаулысымен бекітілген

Зоологиялық коллекциялар жинау және

оларды мемлекеттік есепке алу ережесіне

1-қосымша

Ескерту. 1-қосымшаға өзгеріс енгізілді - ҚР 2012.12.07 № 1562 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

## **Мемлекеттік есепке алынған зоологиялық коллекциялар тізілімінің нысаны**

1. Мемлекеттік тіркеу нөмірі.
2. Тіркелген күні.
3. Коллекцияның атауы.
4. Иесі.
5. Иесінің мекен-жайы және коллекция орналасқан жердің мекен-жайы.
6. Меншік нысаны (мемлекеттік ұйымдар үшін ведомстволық бағыныстылығы).
7. Коллекцияның мақсаты (ғылыми, мәдени-ағартушылық, оқу-тәрбиелік және басқалар).
8. Коллекцияның негізі қаланған жыл.
9. Алынып тасталды - ҚР 2012.12.07 № 1562 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

10. Алынып тасталды - ҚР 2012.12.07 № 1562 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.
11. Коллекцияның сипаттамасы (тірі организмдер, тұлыптар, жұмыртқалар, құрғақ және ылғалды препараттар және басқалар).
12. Бірегей объектілердің болуы (Қызыл кітапқа енгізілген типтер, паратиптер, түрлер).
13. Коллекция құрамындағы өзгерістер (айналымы).
14. Коллекцияны сақтау (ұстау) шарттары.
15. Алынып тасталды - ҚР 2012.12.07 № 1562 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.
16. Коллекцияның қайта тіркелгені туралы белгі.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2004 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1413 қаулысымен бекітілген  
Зоологиялық коллекциялар жинау және  
оларды мемлекеттік есепке алу ережесіне  
2-қосымша  
**Зоологиялық коллекцияны тізілімге  
енгізу туралы**

**N\_куәлік**

Ескерту. 2-қосымша алынып тасталды - ҚР 2012.12.07 № 1562 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

Қазақстан Республикасы  
Үкіметінің  
2004 жылғы 29 желтоқсандағы  
N 1413 қаулысымен бекітілген  
Зоологиялық коллекциялар жинау және  
оларды мемлекеттік есепке алу ережесіне  
3-қосымша  
**Зоологиялық коллекцияларды және олардың  
жекелеген экспонаттарын Қазақстан  
Республикасынан тысқары әкетуге және/немесе  
оның аумағына әкелуге берілген**

**N\_рұқсат**

Ескерту. 3-қосымша алынып тасталды - ҚР 2012.12.07 № 1562 (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) Қаулысымен.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК